

Туризм әлеумет пен әрекеттің арасы



6-бет

Ең төменгі жалақы



8-бет

Тағы да Құрманғазының өмірбаян дерегі туралы



12-бет

EGEMEN QAZAQSTAN

6 ҚЫРКҮЙЕК 2023 ЖЫЛ, СӘРСЕНБІ №169 (30648)

Мемлекетшілдік мінбері

www.egemen.kz

E-mail: info@egemen.kz

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ

TWITTER.COM/EGEMENKZ

«Батыл тойтарыс-2023»: Кәсіби деңгей мен жауынгерлік дайындық



Суреттерді түсіреді: А. ДҮЙСЕНБЕК, Е. ЖІЛІБ

Президент – Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен «Жағалау» оқу-жаттығу полигонында «Батыл тойтарыс-2023» стратегиялық командалық-штабтық әскери оқу-жаттығу жиыны өтті.

Бану ӘДІЛЖАН, «Egemen Qazaqstan»

Қасым-Жомарт Тоқаев оқу-жаттығу жиынын бақылау мұнарасынан тамашалады. Әскери әдіс-тәсілдер көрсетер алдында Мемлекет басшысына генерал-майорлар Болат Жорабаев пен Алмаз Жұмакеев қорғаныс операциясы кезіндегі Арнаулы операциялар күштері мен

Десанттық-шабуылдау әскерлерінің әрекеті жөнінде баяндады. Десанттық-шабуылдау әскерлерінің бригадалық-тактикалық топтары авиацияның қолдауымен, сондай-ақ Құрлық әскерлері және Арнаулы операциялар күштерінің бөлімшелерімен бірлесіп отырып, судан өту арқылы қарсы жағалаудағы жау шебін басып алу үшін тактикалық іс-қимыл жүргізді.

Ал Арнаулы операциялар күштері мен Ұлттық ұлан бөлімшелері шартты жау қолына өткен Қапшағай ГЭС-ін азат етті. Төтенше жағдайлар министрлігінің бөлімшелері техногендік апат салдарын жоюмен айналысып, халыққа гуманитарлық көмек көрсету міндетін атқарды. Қарулы Күштердің Бас штабы әзірлеген бірінші жоспар мен мақсатқа сәйкес әскерлер оқу-жаттығу жиыны өтетін аудандарға стратегиялық тұрғыда қайта топтастырылды.

(Соңы 2-бетте)

Өңір дамуындағы ауқымды міндеттер



Алматы облысына жұмыс сапарымен келген Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа облыс орталығы – Қонаев қаласының Бас жоспары таныстырылды.

Ұлбосын ИСАБЕК, «Egemen Qazaqstan»

«Урбостиль» ЖШС директоры Любовь Нысанбаева Мемлекет басшысына облыс орталығының аумағы 2050 жылға қарай 19 мың гектарға ұлғайып, халық саны 200 мың адамға жетеді деген болжам жасалып отырғанын айтты. Қаланы дамыту және жаңа мәдени-қоғамдық орталық салу үшін «Жаңа-Іле» алаңы таңдалып алынды. Онда әлеуметтік-тұрмыстық, мәдени, тұрғын үй, білім беру және рекреациялық нысандар салу көзделген. Жүйе құраушы кластерлер мен кәсіпорындарда 20 мыңнан астам жұмыс орнын

ашу жоспарланып отыр. Бұл 30 мыңнан астам адамды жұмыспен қамтитын көптеген шағын және орта бизнес субъектісінің құрылуына ықпал етеді. Бұдан бөлек, Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев Мемлекет басшысына қоғамдық жағажайды абаттандыру жобасын таныстырды. Әкімнің айтуынша, бірегей жобаның – ұзындығы 1 мың метр болатын су променадның құрылысы басталады. Оны алдағы уақытта 3 мың метрге дейін жеткізу көзделген. Кездесу барысында облыс басшысы өңірді цифрландыру мәселесіне ерекше назар аударды. Президентке 67 әлеуметтік нысанды жоғары жылдамдықпен

жұмыс істейтін интернетке қосу жобасының жүзеге асырылуы, сондай-ақ 5G жобасын одан әрі іске асыру үшін жалпы ұзындығы 104 шақырым талшықты-оптикалық байланыс желісінің төселуі жөнінде мәлімет берілді. Қаладағы қоғамдық қауіпсіздікті үздіксіз мониторинг жасау мақсатында 412 бейнебақылау камерасы орнатылып жатыр. Алматы облысының мектептерінде қауіпсіздіктің интеграцияланған жүйесін құру аталған бастамалардың маңызды бөлігі саналады. Жоба аясында облыстың 125 мектебіне Жедел басқару орталығына қосылған 4 мың камера орнатылады. Бұл платформа ықтимал қауіптерге қарсы жылдам әрекет етуге және қолайлы білім беру ортасын құруға мүмкіндік береді.

(Соңы 2-бетте)

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Е.Н. Нысанбаевты тағайындау туралы

Ерлан Нұралыұлы Нысанбаев Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрі лауазымына тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2023 жылғы 5 қыркүйек
№ 339

Ерлан Нұралыұлы НЫСАНБАЕВ

1961 жылы Алматы облысында туған. Қазақ ауыл шаруашылығы институтын, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетін бітірген. Мамандығы бойынша орман шаруашылығының инженері, қаржы бакалавры. Ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты.

Еңбек жолын 1983 жылы Алматы облысында Ұйғыр орман шаруашылығының шебері болып бастаған. 1984-1989 жылдары Алматы облысы Ұйғыр аудандық комитетінің нұсқаушысы, Ұйымдастыру бөлімі меңгерушісінің орынбасары болып жұмыс істеген. 1989-1991 жылдар аралығында Алматы облыстық комитеті Ауыл шаруашылығы бөлімінің сектор меңгерушісі болған. 1991-2004 жылдары коммерциялық ұйымдарда жұмыс істеген.

2004-2009 жылдар аралығында «Астана қоғалдандыру құрылысы» акционерлік қоғамында басшы лауазымдарын атқарған.

2009 жылы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің төрағасы лауазымына тағайындалған. 2013-2014 жылдары Қоршаған орта және су ресурстары министрінің орынбасары лауазымында қызмет атқарған. 2014-2021 жылдары Ауыл шаруашылығы, Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің орынбасары болған. 2021-2023 жылдар аралығында С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Стратегиялық даму және халықаралық байланыстар басқармасы төрағасының орынбасары лауазымында қызмет атқарған.

2023 жылғы наурыздан бастап Астана қаласы әкімінің кеңесшісі. «Парасат», «Құрмет» ордендерімен наградталған.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

М.М. Ахметжановты тағайындау туралы

Марат Мұратұлы Ахметжанов Ақмола облысының әкімі лауазымына тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2023 жылғы 5 қыркүйек
№ 340

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Е.Ш. Қарашөкеевті тағайындау туралы

Ербол Шырақпайұлы Қарашөкеев Жамбыл облысының әкімі лауазымына тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2023 жылғы 5 қыркүйек
№ 341

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

А.Б. Шахаровты тағайындау туралы

Асхат Берлешұлы Шахаров Ақтөбе облысының әкімі лауазымына тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2023 жылғы 5 қыркүйек
№ 344

Асхат Берлешұлы ШАХАРОВ

1978 жылы Ресей Федерациясының Орынбор облысында туған. Қазақ мемлекеттік спорт және туризм академиясын, Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетін бітірген. Мамандығы бойынша дене тәрбиелеу мәдениетінің оқытушысы, халықаралық деңгейдегі экономист. Экономика ғылымдарының кандидаты.

Еңбек жолын 2000 жылы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің оқытушысы болып бастаған.

2004-2007 жылдары Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының аға оқытушысы болып жұмыс істеген.

2007-2013 жылдар аралығында Ақтөбе облыстық Олимпиада резервін даярлау орталығының директоры болған.

2007-2012 жылдары Ақтөбе қалалық маслихатының депутаты, 2012-2013 жылдары Ақтөбе облыстық маслихатының депутаты болып сайланған. 2013-2017 жылдар аралығында Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданының, 2017-2020 жылдары Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданының әкімі лауазымдарында қызмет атқарған. 2020 жылы Ақтөбе қаласының әкімі лауазымына тағайындалған.

2022 жылғы қарашадан бастап Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік инспекторы. «Құрмет» орденімен наградталған.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Ғ.Ә. Сыздықбековті тағайындау туралы

Ғабит Әбдімәжитұлы Сыздықбеков Шымкент қаласының әкімі лауазымына тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2023 жылғы 5 қыркүйек
№ 345

Ғабит Әбдімәжитұлы СЫЗДЫҚБЕКОВ

1980 жылы Шымкент қаласында туған. Қазақ мемлекеттік заң университетін, Ресей Федерациясы Сыртқы істер министрлігінің Дипломатиялық академиясын бітірген. Мамандығы бойынша заңгер, халықаралық қатынастар жөніндегі маман.

Еңбек жолын 2004 жылы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Мемлекеттік Протокол қызметінде атташе лауазымынан бастаған. 2005-2007 жылдары аталған министрлікте әртүрлі лауазымдарда жұмыс істеген. 2007-2008 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Аппараты Парламентаралық байланыстар және халықаралық ынтымақтастық бөлімінің бас сарапшысы, сектор меңгерушісі болған. 2008-2011 жылдары Парламент Сенаты Аппаратының Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетімен өзара іс-қимыл жөніндегі бөлім меңгерушісінің орынбасары, бөлім меңгерушісі лауазымдарын атқарған. 2011-2017 жылдар аралығында Сыртқы істер министрлігінің басқарма басшысы, Қазақстан Республикасының Француз Республикасындағы Елшілігінің кеңесшісі, 2017-2018 жылдары Парламент Сенаты Төрағасының кеңесшісі болған. 2018 жылы Парламент Сенаты Аппаратының Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетімен өзара іс-қимылдар жөніндегі бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалған. 2019-2021 жылдар аралығында Қазақстан Республикасының Сербия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі лауазымында қызмет атқарған.

2021 жылғы шілдеден бастап Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппараты Басшысының бірінші орынбасары. II сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл дипломатиялық дәрежесі бар. «Ерен еңбегі үшін» медалімен наградталған.

ХРОНИКА

Мемлекет басшысының Жарлығымен Ерлалы Лұқпанұлы Тогжанов Ақтөбе облысының әкімі лауазымынан босатылды.

Мемлекет басшысының Жарлығымен Мұрат Дүйсенбекұлы Әйтемов Шымкент қаласының әкімі лауазымынан босатылды.